

КСРО Жоғарғы Соты Пленумының "Еңбектің қауіпсіз жағдайларын және кен, құрылыс жұмыстары мен өзге жұмыстардың қауіпсіздігін қорғауға бағытталған қылмыстық заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" 1986-жылғы 5-желтоқсандағы N 16 қаулысын республика соттарының орындауы туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1988 жылғы 24 маусым N 3. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Еңбектің қауіпсіз жағдайларын және кен, құрылыс жұмыстары мен өзге жұмыстардың қауіпсіздігін қорғауға бағытталған заңдарды қолдану жөніндегі сот практикасының жинақталған қорытындыларын талқылай келіп, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы мынаны атап көрсетеді: бұл категориядағы істерді қараған кезде соттар заңдардың және СССР Жоғарғы Сотының Пленумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының басшы түсініктемелерінің дұрыс қолданылуын негізінен қамтамасыз етіп отыр.

Сонымен бірге соттардың қызметінде кемшіліктер мен қателіктер де бар.

Іс бойынша барлық мән-жайларды жан-жақты, толық әрі объективті түрде зерттеу туралы заң талаптары әрдайым орындала бермейді, сотталушы адамның еңбекті қорғау мен жұмыс қауіпсіздігінің қандай ережелерін бұзғаны зерттелмейді, айыптының әрекеті (әрекетсіздігі) мен содан туындаған зардаптардың арасындағы себепші байланыс анықталмайды.

Қылмыстарды заң бойынша квалификациялау туралы мәселені шешкен кезде қателіктерге жол беріледі. Лауазымды қызметкер емес адамдардың не жәбірленуші бұзушылық болған кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға қатысы жоқ бөтен адам болған жағдайда, оның іс-әрекетін Қылмыстық кодекстің 126-статьясы бойынша квалификациялау жағдайлары орын алып отыр.

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, қарапайым қауіпсіздікті сақтамау, жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқау талаптарын орындамау, техникалық инспекторлардың нұсқауларын елемеу жарақаттанудың негізгі себебі болып табылады. Алайда соттар қайғылы жағдайға әкеп соқтырған нақты себептерді көбінесе анықтамайды, заңмен берілген профилактикалық сипаттағы шараларды жеткілікті түрде тиімді пайдаланбайды. Жеке ұйғарымдардың сапасы көбінесе төмен болады, көшпелі сот мәжілістерін ұйымдастыру ісі тиісті деңгейде емес.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Еңбекті қорғау мен кен, құрылыс және өзге жұмыстардың қауіпсіздігі ережелерін бұзуға байланысты істерді қарау жөніндегі жұмыста орын алып отырған кемшіліктерге соттардың назары аударылсын.

Бұл категориядағы істерді заңның және СССР Жоғарғы Сотының Пленумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумы түсініктемелерінің талаптарына қатаң сәйкес дер кезінде әрі дұрыс қарауды қамтамасыз етуге соттарды міндеттейтін болсын.

2. Істерді қараған кезде соттар еңбек қорғау және жұмыс қауіпсіздігі ережелерін бұзудың мән-жайын жан-жақты, толық әрі объективті зерттеу үшін шаралар қолданып, қылмыс жасауға кінәлі адамдардың бәрі жөнінде жазаның міндетті түрде қолданылуын қамтамасыз етіп, азаматтардың негізсіз сотталуына жол бермеуге тиіс. Соттар, атап айтқанда, кінәлінің әрекеті немесе әрекетсіздігімен болған (не болуға тиісті) зардаптың арасында себепті байланыс бар ма, бұл жәбірленушінің өрескел абайсыздығының нәтижесінде болған жоқ па деген мәселелерді анықтауға міндетті.

3. Істерді қараған кезде соттар СССР Жоғарғы Соты Пленумының жоғарыда аталған қаулысында айтылған ұсыныстар мен түсініктемелерді орындап, бұл орайда Қазақ ССР қылмыстық заңдары "кен жұмыстары" деген жалпы ұғымнан бұл жұмыстардың "шахталардағы жұмыстар" деген бір бөлігін бөліп қарайтынын ескеруге тиіс.

Қылмыстық кодекстің 207-статьясында атап көрсетілген "шахталардағы жұмыстар" деп шахталарды, кеніштерді және жер асты әдісімен пайдалы қазбалар өндіру жөніндегі өзге де өнім өндіру орындарын салу, қайта құру, пайдалану және жөндеу жұмыстарын түсіну керек екендігі соттарға түсіндірілсін.

Жердің бетінде әкімшілік корпустарының шахта үстіндегі үйлерін, қоймалар, цехтар және шахтаға қызмет көрсететін өнеркәсіптік-азаматтық құрылыстың басқа да объектілерін салған кезде адамдардың қайғылы жағдайға ұшырауына не ауыр зардаптарға әкеп соқтырған жалпы еңбек қорғау ережелерін не құрылыс жұмыстары ережелерін бұзу "шахталардағы жұмыстар" деген ұғымға кірмейді, ол Қылмыстық кодекстің 206-статьясы бойынша квалификациялануға тиіс.

Пайдалы қазбаларды ашық әдіспен өндіру жөніндегі кен жұмыстарының қауіпсіздігі, сондай-ақ пайдалы қазбалар өндіруге байланысты емес жер асты ғимараттарын (метрополитен, тоннель және т.б.) салу мен жөндеу жөніндегі жұмыстарын жүргізу ережелерін бұзу да тап осы статья бойынша квалификациялануға тиіс.

4. Қылмыстық кодекстің 207-статьясының диспозициясы шахталардағы техникалық пайдалану ережелерін ғана емес, сонымен қатар жарылысқа, өртке,

адамдардың қаза табуына немесе өзге де ауыр жарақаттарға әкеп соқтырған қауіпсіздік ережелерін де бұзуды көздейтін болғандықтан, бұл жағдайда айыптылардың іс-әрекетін жарылысы болу қаупі бар кәсіпорындарда қауіпсіздік ережелерін бұзғаны және өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық көздейтін Қылмыстық кодекстің 208 және 208-1-статьялары бойынша қосымша квалификацияламай, Қылмыстық кодекстің жоғарыда аталған статьясы бойынша квалификациялау керек.

Кен жұмыстары жүргізілетін өзге объектілерде (шахталардан басқа), сондай-ақ құрылыста және халық шаруашылығының басқа да салаларында жарылыс пен өртке қарсы күресу шараларын көздейтін қауіпсіздік ережелерін бұзу туралы істер бойынша соттар айыптының іс-әрекетін Қылмыстық кодекстің 208-статьясы немесе 208-1-статьясы бойынша квалификациялауға тиіс.

5. Қылмыстық кодекстің 206, 207-статьялары бойынша шахталардың кен, құрылыс жұмыстарының жұмыс жүргізу қауіпсіздігін реттейтін ережелерді бұзғандық үшін жауаптылық көздейтінін соттар ескеруі керек. Халық шаруашылығының басқа салаларында еңбек қорғау ережелерін бұзған жағдайда жауаптылық Қылмыстық кодекстің 126-статьясы бойынша, не қызмет бабындағы қылмыс үшін немесе адамға қарсы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін статьялар бойынша туындайды.

6. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу жеке қылмыс құрамын құрайды және кен (шахталардан басқа), құрылыс жұмыстарының қауіпсіздік ережелерін бұзу деген ұғымды қамтымайды. Заңда көзделген зардаптарға әкеп соқтырған осы және басқа бұзушылықтар болған жағдайда, жасалған іс-әрекеттерді Қылмыстық кодекстің 206 және 208-1-статьяларының жиынтығымен квалификациялауға жатады.

7. Соттарға бұл категориядағы істерді қараған кезде ауыр зардаптарға әкеп соқтырған себептер мен жағдайларды анықтау, бұл орайда шаруадағы қырсыздық, еңбек пен мемлекеттік тәртіпті бұзу, қызметкерлердің өз міндеттеріне жауапсыз қарау жағдайларына ерекше назар аудара отырып, жеке ұйғарым шығару және оларды іске асыруға қол жеткізу міндеттелсін.

Актуалды істерді көшпелі сот мәжілістерінде қарау практикаға енгізілсін, көбінесе бұл істер жұртшылық өкілдерін қатыстыра отырып қаралатын болсын.

8. Осы қаулының қабылдануына байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының "Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзушылық туралы істер жөніндегі сот практикасы туралы" 1967-жылғы 24-марттағы N 2 қаулысы Пленумының 1967-жылғы 26-октябрьдегі N 10 1968-жылғы 12-июньдегі N 5 қаулыларымен енгізілген өзгерістерімен қоса күшін жойды деп танылсын.

